

егемен

Астана

Алаштың Арманшыл Ардағы

Көрнекті биолог ғалым Кәрім Мыңбаевтың 100 жылдығы туған топырағында аталағып өтілді

Берекелі ел мерекесіз болмайды. Қарағанды облысының 70 жылдың белесінен аттаған той дүбірі осы өнірден шығып, халқымыздың мақтанышына айналған тұғырлы тұлғалары Сәйділ Талжанов пен Кәрім Мыңбаевтың 100-ге және Тоқтар Әубәкіровтың 60-қа толуы сынды мереілі оқиғалармен жарасымды жалғасын тапты. Биылғы күздің құт-мерекесі мол болып, ауыз толтырып айтартықтай жетістіктермен өрнектелді. Ел ішінің құрмет тұтқан азаматтарын ардақтаудан аянбайтын ежелгі ізгі дәстүрінің үлгілі көрінісі Нұра ауданында Қазақстан ауыл шаруашылығы ғылыминың алғашқы көшбасшысы, һем шамшырағы болған Кәрім Мыңбаевтың туғанына 100 жыл толуына арналған мереітойлық шара арқылы тағы бір паш етілді. Мандайына жазылған қамшының сабындағы 42 жыл өмірінің айқын арман, нақты мақсат жетелеген 20 жылында халқы алдында өлшеусіз еңбек сініріп үлгерген ғалымның еңбегі уақыт өткен сайын маңызы ұлғайып келеді. Ғылым саласындағы сан қырлы ізденістерінің ішінде әсіресе, Бетпақдала шөлінің мал-жанға жайлы аймаққа айналуына жол ашуға, соған алдымен алыстағылардың көзін жеткізуге ұмтылған ерлікке тең құрескерлік қасиеті оның еңбегінің елеулі биігі болып табылады. Осынау ұланбайтақ өнірге қамқорлық пейіл бөлінсе, мал өсірудің қыр-сырына қанық тұрғылықты жүрттың тұрмыс-тіршілігіне құт мекен бола алатындығын “Бетпақдала” монографиясында өз басшылығымен жасалған ғылыми экспедицияның жұмыс нәтижесіне сүйеніп, анықтап жазды. Оның Гүлдала, Бақдала атапуға лайықтығын айғақтады. Солай болуын жүргегіне үміт өткен асыл азаматтың асқақ арманы, өкінішке қарай, қапыда үзілді. Соның қасіреті бұл аймақтың өгейсітілген қалыпта қалуына, ел, жер келешегін ойламаушылардың Бетпақдала табиғатына тайрандап қол салуына әкеліп соқты. Кәрім Мыңбаев көзі тірі болғанда Бетпақдаланың кейіп-келбеті бүгінде көз сүйсінерліктең болып тұрар еді-ау деген ой көңілден кетпейді.

Бұдан бір ғасыр бұрын болашақ ғалым дүниеге келген, қазір еліміздің егін шаруашылығы өркен жайған аймақтарының бірі саналатын Нұра ауданында жылына 300 мың гектарға жуық жерге дәнді дақыл өсіріледі. Бұл жақта әрқайсысы 25-30 мың гектар алқаптан астық өндіретін ірі шаруашылықтар сақталған. Солардың алдынғы сапындағы “Қайнар” ЖШС жерлес ғалымға арналған той қарсаңында 1 миллион пүт алтын дәнді қамбаға құйып, екінші миллион пүт есебін ашты. Ауданың ауыл шаруашылығының мамандары осы саланың іргетасын қалаушының есімдіктер генетикасы мен селекциясына, дәнді дақылдар, соның ішінде бидайдың өнімділігін арттыруға бағытталған ғылыми еңбектерін жақсы біледі, сонда көрсетілген қағидалар мен тұжырымдарды іс-әрекеттеріне арқау тұтады. Мұның өзі астық өндірісін одан әрі дамытуға үлкен көмегін тигізіп жүр.

Мерейтойлық іс-шаралар аудан орталығындағы ауыл шаруашылығы бөлімі үйінің алдына орнатылған Кәрім Мыңбаев бюстінің ашылуымен басталды. Оның бет-бейнесі көзін көргендердің көңілін толқытты. Сондай-ақ өмірінде қимылы да, сөз сөйлеу мәнері де шапшаң, ой қорытуы тез болған ғалымның буырқанған күш-жігерін, қайнаған қайратын өнер тілі арқылы аша білген мұсінші шеберлігі жүртшылық сүйсінісін туғызды.

“Ел ерсіз, жер гұлсіз болмайды” демекші, Нұра топырағынан қанат қағып, халқының мақтанышына айналған ардақтылар аз емес. Абдолла Асылбеков, Қайып Айнабеков, Сәйділ Талжанов, Бұркіт Ыңқақов сынды асыл тумалары қатарында Кәрім Мыңбаевтың да еңбегі мен есімі бөлек аталар тұлға. Осындай өмірі ұрпаққа өнеге адамдарды қастерлеп, есте тұту біздің азаматтық биік парызымыз. Сәйділ аға атында көше, мектеп бар. Кәрім ағамыздың есімі мектепке де, туған ауылына да берілуі орынды шара болған. Есімдері ел жадынан өшпес тұлғаларды ардақтау дәстүрі елжандылық, отан-сүйгіштік, бауырмалдық, бірлікшіл қасиеттерді қалыптастырады, – деді өз сөзінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы Оралбай Эбдікәрімов.

Ескерткіш түбі еліміздің түкпір-түкпірінен келген меймандар мен туған-туысқандары, аудан жүртшылығы өкілдері қойған гүл шоқтарына көмкерілді. Бұдан кейін жиналған қауым “Нұра” стадионына бет түзеді. Мұнда облыс әкімі Нұрлан Нығматулин сөз сөйлеп, мерейтойлық шаралардың басталуымен құттықтады. Сөз кезегі жазушы, көрнекті қофам қайраткері Шерхан Мұртазага берілгенде стадион толы адам сілтідей тына қалды. Көбі халықтың қазіргі мақтанышын жұзбе-жұз алғаш көріп, сөзін де көзбе-көз алғаш естіп отырғандар. Шерағаның “Егемен Қазақстан” газеті арқылы Кәрім Мыңбаевтың 100 жылдығын биік денгейде атап өту туралы үн тастауын нұралықтар қуана қолдаған болатын. “Мен Кәрімнің нағашысы да, жиені де емеспін. Бірақ, жүрегіме аса жақын жандардың бірі. Әйгілі қаһарман Бауыржан Момышұлының аузынан алғаш естіп, қазақ рухы мен руханиятын биіктеткен тұлға екеніне көзім жетті. Ол Бауkenнің жан досы еді. Ал мұндай қайталанбас адамның сырлас серігі болу оның тегін адам еместігін айғақтаса керек. Біз ғалым, қайраткер Мыңбаевты әлі толық танып білгеніміз жоқ. Еңбектерінің ғылыми сараланып, жинақталып қашан шығатыны белгісіз. Бір ғана “Бетпақдала” монографиясының құндылығын бағалай алмай келеміз. Шәкірттері көп деп естіміз. Соларға ұстаздарының мұрасын неге көпшілік игілігіне ұсынбасқа? Осында келгенде әзер дегенде есіміне туған ауылы атауы берілгенін білдім. Оны былай қойғанда мына Киевка деп аталағын аудан орталығы Мыңбаев болып өзгертілсе несі артық?! Өзі алғаш білім өріне қанат қақсан Ақмола (Астана) төрінен көше аталуына не кедергі?! Той өткізіп, еске алғанымыз жақсы-ақ, алайда ұмытылмастай шаралардың жөні бөлек қой, – деген Шерағаның таныс даусы стадионды жаңғырықтырып, көпшілікке ой салды.

Парламент Мәжілісінің депутаты Кенжеғали Сагадиев, “Ауыл” партиясының төрағасы Ғани Қалиев өз сөздерінде негізгі ғылыми ізденісі өсімдіктер генетикасы мен селекциясына арналған, сонымен қатар көксағызының

биологиялық ерекшеліктерін зерттеп, оны сұрыптау әдістерін тапқан, қант қызылшасы мен кендірді биология-селекция жағынан ғылыми түрғыдан сипаттаған алғашқы ғалым екенін айтып, бұгінде Ұлттық Ғылым академиясының аграрлық секциясында еңбек етушілер сол істерді жалғастырып жатқанын ортаға салды.

Ғалымның қарындасы Гүлбарам Мыңбаеваның аяулы ағасы жайлы естелігі де ынта қоя тындалды. Осы мерекеге Сарын атты ұлын өртіп келіп, Кәрім әкесінің елімен, жерімен, ағайын-туысқандарымен табыстырыған Дариға Тыналина әжейдің өзімен де нұралықтар алғаш танысты.

– Мен әкемнен екі жаста қалып, нағашыларымның қолында өстім. Папама тартқан болармын, білімге қабілетсіз емес едім. Инженер-құрылышы мамандығын қалап, қазір осы істі атқарамын. Жақын арада үлкен атамның атына көшпекпін, – деді Сарын Кәрімұлы бізге сыр ақтарып.

Мерейтой жалғасы Тәттімбет атындағы академиялық оркестр мен жергілікті өнерпаздардың концертіне ұласты. Аудан орталығында өткен той өртөндегі Кәрім Мыңбаев ауылында жалғасты. Осындағы ғалым атындағы орта мектеп оқушылары жер-жерден келген зиялды қауым өкілдерімен кездесті. Ауылда мешіт үйі ашылды. Ел іші өзінің дарынды ұлына биік құрмет көрсетті.

Айқын НЕСІПБАЙ, Қарағанды облысы, Нұра ауданы.